**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған кіші топтың музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

«Сәуле» бөбекжайы
Топ: «Балапан» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Музыка тыңдау:** түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, баяу және көңілді әндерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.<br><br>**Ән айту:** музыка жетекшісінің дауыс ырғағына еліктей отырып, ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру; бірінің артынын бірі жүру дағдыларын қалыптастыру. Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын көрсете отырып, қимылдар жасауға (шапалақтау, аяқпен топылдату) үйрету. | **4** | **5.09.2023**<br>**12.09.2023**<br>**19.09.2023**<br>**26.09.2023** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қазан** | **Музыка тыңдау:** полька және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;<br>**Ән айту:** әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға үйрету;<br>**Музыкалық -ырғақтық қимылдар:**<br>-шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;<br>-музыкалық ойындарды ойнауға, әуеннің көңіл -үйін жеткізуге баулу; | 5 | **3.10.2023**<br>**10.10.2023**<br>**17.10.2023**<br>**24.10.2023**<br>**31.10.2023** |
| **Қараша** | **Музыка тыңдау:** музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету;<br>**Ән айту:** ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды, ересекпен қосылып ән айтуға үйрету;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>-музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру;<br>- қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу дағдыларын қалыптастыру; | 4 | **7.11.2023**<br>**14.11.2023**<br>**21.11.2023**<br>**28.11.2023** |
| **Желтоқсан** | **Музыка тыңдау:** музыканы тыңдауда дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Ән айту:** педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуға үйрету;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>- музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру;<br>- қарапайым би қимылдарын орындауға үйрету: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу; | 4 | **5.12.2023**<br>**12.12.2023**<br>**19.12.2023**<br>**26.12.2023** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Музыка тыңдау:** баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білуге үйрету;<br>**Ән айту:** әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау; | 4 | 9.01.24<br>16.01.24<br>23.01.24<br>30.01.24 |
| **Ақпан** | **Музыка тыңдау:** әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу;<br>**Ән айту:** әнді ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып айту;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту; | 4 | 6.02.24<br>13.02.24<br>20.02.24<br>27.02.24 |
| **Наурыз** | **Музыка тыңдау:** әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу;<br>**Ән айту:** әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету; | 4 | 5.03.24<br>12.03.24<br>19.03.24<br>26.03.24 |
| **Сәуір** | **Музыка тыңдау:** музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру;<br>**Ән айту:** сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айту;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере | 4 | 2.04.24<br>9.04.24<br>16.04.24<br>23.04.24<br>30.04.24 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | білу; | | |
| **Мамыр** | **Музыка тыңдау:** кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау;<br>**Ән айту:** әндегі сөз тіркестерін айту (ересектермен бірге), бұрын естіген әндерді тани білуге баулу;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қоян секіреді, құс ұшады); | 3 | 7.05.23<br>14.05.23<br>21.05.23 |